



Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2025 жылғы 30 қыркүйектегі № 429 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 1 қазанда № 37008 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес өзгерістер енгізілетін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 3-тармағының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы және он бірінші абзацтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрі

Ч. Аринов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар және
аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Төтенше жағдайлар
министрі
2025 жылғы 30 қыркүйектегі
№ 429
Бұйрыққа қосымша

**Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы
өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 350 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10273 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

5-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Занды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) келесі құжаттарды жолдайды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жарылыс жұмыстарын қауіпсіз жүргізу шарттарын нақтылайтын, сынықтардың ұшу қашықтығы, соққы толқынының әсері, жарылыс кезіндегі улы газдардың әсері және сейсмикалық ықпалдар көрсетілген есептеулерді қамтитын мәліметтер бар электрондық құжат;

3) жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде:

жер бетінде жарылыс жұмыстарын жүргізу орны, қауіпті аймақ шекарасы, қауіпті аймақты күзету бекеттерін және оның шегіндегі тұрғын және өндірістік ғимараттарды,

құрылыстарды, темір жолдарды, автомобиль жолдарын, арналарды, құбырларды, электр беру желілерін қою орындары көрсетілген жергілікті жердің жоспары бар электрондық құжат;

жер асты жағдайларында жарылыс жұмыстарын жүргізу орнын, қауіпті аймақтың шекарасын, қауіпті аймақты қорғау бекеттерін қою орнын көрсете отырып, тау-кен жұмыстарының жоспарын, сондай-ақ шахтаның (кеніштің, геологиялық барлау жұмыстары объектісінің) газ бен шаң бойынша қауіптілігі туралы мәліметтерді қамтитын электрондық құжат.

Жарылғыш материалдарды пайдалана отырып сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс профилдерінің және қауіпті аймақты қорғау схемалары бар электрондық құжат ұсынылады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші)
---	---------------------------------------	---

".

2. "Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 25 қарашадағы № 1100 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12479 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің емтихан тапсыру қағидаларында:

4-тармақта:

1)- тармақшасы алып тасталсын;

5) және 6) - тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

6) аумақтық департамент - өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясатты және бақылау, қадағалау функцияларын іске асыратын өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларының, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерінің білімін тексеру мемлекеттік мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және осы Қағидаларға сәйкес аумақтық департаменттер (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Тесттерді өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган әзірлейді. Тест сұрақтарының саны жүз сұрақты құрайды. Бір тест сұрағына жауап беру нұсқаларының саны төрт, біреуі дұрыс. Тесттерді орындау уақыты жүз жиырма минуттан аспайды.";

18-1- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18-1 Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын::

"

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
---	---------------------------------------	---

";

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы Тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымша осы Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Занды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 186 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20340 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына заңды тұлғаларды аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Заңды тұлғаларды өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізу құқығына аттестаттау өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган тарапынан заңды тұлғаның мынадай жұмыстарды орындау құқығын ресми тану мақсатында жүргізіледі:

1) өнеркәсіптік қауіпсіздік сараптамасын жүргізу;

2) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы басшыларды, мамандарды, жұмыскерлерді даярлау, қайта даярлау;

3) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу;

4) газ тұтыну жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

5) лифтілерді, эскалаторларды, траволаторларды, сондай-ақ мүгедектігі бар адамдарға арналған көтергіштерді монтаждауды, техникалық қызмет көрсетуді, техникалық диагностикалауды, техникалық куәландыруды және жөндеуді жүргізу құқығына аттестаттауға жатады;

6) газ тарату жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу;

7) сұйытылған мұнай газымен жабдықтау жүйелерінің объектілеріне техникалық қызмет көрсетуді жүргізу құқығына аттестаттауға жатады.";

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Жауапты орындаушы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы "Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы жұмыстарды жүргізуге аттестатталатын заңды тұлғаларға қойылатын талаптарды бекіту туралы" № 299 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10188 болып тіркелген) (бұдан әрі – талаптар) қойылатын талаптарға көрсетілетін қызметті алушының сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытындыны алу үшін көрсетілетін қызметті алушының қызметін жүзеге асыру орны бойынша өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті

орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне (бұдан әрі-аумақтық департамент) сұрау жолдайды.

Аумақтық департамент, өтінім аумақтық департаментте тіркелген күннен бастап, 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 51-бабына сәйкес қойылатын талаптарға сәйкестігіне рұқсаттық бақылауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті алушының қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды жасайды.

Көрсетілетін қызметті алушының қойылатын талаптарға сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды алған кезде жауапты орындаушы осы Қағидаларға 3 немесе 4-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды."

4. "Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсаттар беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 208 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20435 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

"Қауіпті өндірістік объектілерде және қауіпті техникалық құрылғыларда қолданылатын технологияларға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидаларында:

6- тармақтың 1)- тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;"

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Жауапты орындаушы екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-мен қол қойылған дәлелді бас тартуды дайындайды және оны портал арқылы электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттар мен оларда көрсетілген мәліметтердің өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін тексереді және осы Қағидаларға 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ресімдейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 1-қосымшасында баяндалған.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесіне көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-мен қол қойылады және портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жолданады.

8. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

"Қауіпті өндірістік объектілерде қолданылатын технологияларды, қауіпті техникалық құрылғыларды қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына қосымша алып тасталсын.

5. "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдар саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы және "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 350 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы " Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 234 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20561 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен оларды қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия беру" мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларында:

6-тармақтың 1)- тармақшасы алып тасталсын;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Занды немесе жеке тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" веб-порталы www.egov.kz (бұдан әрі – портал) мынадай құжаттарды жолдайды жолдайды:

1) лицензия алу үшін:

осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестікті растайтын мәліметтер нысаны мен құжаттар тізбесі Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 9 желтоқсандағы № 843 бұйрығымен бекітілген (НҚА мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14742 болып тіркелген) (бұдан әрі – біліктілік талаптары);

2) лицензияға қосымша алу үшін:

осы Қағидаларға 1 және 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

біліктілік талаптарына толтырылған мәліметтер нысаны;

3) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеуді қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

ЭҮТШ арқылы төлеуді қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін лицензиялық алымның төленгенін растайтын мәліметтер;

мемлекеттік ақпараттық жүйелерде ақпараты бар құжаттарды қоспағанда, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін негіз болған өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмесі;

біліктілік талаптарына мәліметтердің толтырылған нысаны.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету жалпы мерзімі келесіні құрайды:

- 1) лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу кезінде - 10 (он) жұмыс күні;
- 2) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 3 (үш) жұмыс күні;

3) көрсетілетін қызметті алушы бөлініп шығу немесе бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу кезінде - 10 (он) жұмыс күні.";

9-тармақтың 1)- тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде:

2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және дәйектілігін тексереді және ұсынылған құжаттардың толық болмау және (немесе) дәйексіздік фактісі белгіленген жағдайда осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жолдайды;

ұсынылған құжаттардың мәліметтері толық және дәйекті болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды алу үшін портал арқылы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне (бұдан әрі - аумақтық департамент) сұрау салуды жолдайды;

Қазақстан Республикасының "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңының 51-бабына сәйкес, аумақтық департамент 7 (жеті) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сәйкестігіне рұқсат беру бақылауын жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытынды жасайды және оны портал арқылы көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы қорытындыны алған сәттен бастап көрсетілетін қызметті берушінің жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 6 және (немесе) 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жарылғыш және пиротехникалық (азаматтық пиротехникалық заттарды қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны, немесе осы Қағидаларға 8 –қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап құрастырады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

көрсетілген Қағидаларға 5-қосымшада:

реттік нөмірі 9-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

9	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) өтініш беруші лицензия алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы; 3) лицензиялық алым енгізілмеген; 4) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмейді; 5) көрсетілетін қызметті беруші келісуші аумақтық департаменттен көрсетілетін қызметті алушының лицензиялау кезінде қойылатын біл
---	--	---

	іктілік талаптарына сәйкес еместігі туралы жауап алды; 6) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты лицензиялауға жататын қызметті немесе жекелеген қызмет түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған; 7) сот орындаушысының ұсынымы негізінде сот көрсетілетін қызметті алушы – борышкерге лицензия беруге уақытша тыйым салған.
--	--

"

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдарды тұрақты қолдануға рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларында:

5-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы келесі құжаттарды жолдайды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) құрамында өкілдер, дайындаушының, әзірлеушінің, сынақтар жүргізілетін ұйымның, аттестатталған (сараптама) ұйымның және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті органның өкілдері бар комиссия жүргізген тәжірибелік партияның бақылау және қабылдау сынақтары актісінің электрондық көшірмесі;

3) жарылыс жұмыстары саласында сараптама жүргізу құқығына аттестатталған ұйымның жарылғыш заттар мен олардың негізінде жасалған бұйымдардың сәйкестігі туралы сараптамалық қорытындысының электрондық көшірмесі.

Сараптамалық қорытынды осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген талаптарды қамтуға тиіс, сондай-ақ оларды дайындауға және қолдануға арналған техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, оның ішінде өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер Мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру қағидаларында:

5-тармақтың 1) тармақшасы алып тасталсын;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Занды тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті берушіге "Электрондық үкіметтің" www.egov.kz, www.elicense.kz веб-порталы (бұдан әрі - портал) келесі құжаттарды жолдайды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жарылыс жұмыстарын қауіпсіз орындау шарттарын, сынықтардың ұшу қашықтығын, соққы толқынының әсерін, жарылыс кезіндегі улы газдардың әсерін, сейсмикалық әсерін нақтылайтын есептері көрсетілген мәліметтері бар электрондық құжат;

3) жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде:

жер бетінде жарылыс жұмыстарын жүргізу орны, қауіпті аймақ шекарасы, қауіпті аймақты күзету бекеттерін және оның шегіндегі тұрғын және өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды, темір жолдарды, автомобиль жолдарын, арналарды, құбырларды, электр беру желілерін қою орындары көрсетілген жергілікті жердің жоспары бар электрондық құжат;

жерасты жағдайларында жарылыс жұмыстарын жүргізу орнын, қауіпті аймақтың шекарасын, қауіпті аймақты қорғау бекеттерін қою орнын көрсете отырып, тау-кен жұмыстарының жоспарын, сондай-ақ шахтаның (кеніштің, геологиялық барлау жұмыстары объектісінің) газ бен шаң бойынша қауіптілігі туралы мәліметтерді қамтитын электрондық құжат..

Жарылғыш материалдарды пайдалана отырып сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс профилдері мен қауіпті аймақты қорғау схемалары бар электрондық құжат ұсынылады..

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Мемлекеттік қызметті көрсету жалпы мерзімі 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Көрсетілетін қызметті беруші Мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер Мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымша осы Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. "Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 454 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24508 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектіні пайдаланатын ұйымдардың қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Екі және одан да көп облыстар шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектінің жобалау құжаттамасы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетімен (бұдан әрі – Комитет) келісіледі.

Стратегиялық объектілер мен өзге де қауіпті өндірістік объектілердің жобалау құжаттамасы өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерімен (бұдан әрі – аумақтық департаменттер) келісіледі.

Әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті өндірістік объектілердің жобалау құжаттамасы аудандардың, республикалық және облыстық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарымен (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) келісіледі.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. "Қауіпті өндірістік объектілерді салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасын келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) осы Қағидаларға сәйкес Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті, аумақтық департаменттер және жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) арқылы көрсетіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

көрсетілген Қағидаларға 2-қосымшада:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – Комитет) – екі және одан да көп облыстар шегінде орналастырылатын қауіпті өндірістік объектіні салуға, кеңейтуге, реконструкциялауға, жаңғыртуға, консервациялауға және жоюға арналған жобалау құжаттамасы (бұдан әрі – жобалау құжаттамасы). Аумақтық департаменттер – өзге де қауіпті өндірістік объектілердің жобалық құжаттамасын келісу кезінде. Аудандардың, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары – әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті өндірістік объектілердің жобалық құжаттамасын келісу кезінде.
---	---------------------------------------	---

".

7. "Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2021 жылғы 29 қыркүйектегі № 485 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24574 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қауіпті өндірістік объектілер мен қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Қауіпті өндірістік объектілерді есепке қою және есептен шығару өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі – аумақтық департамент) арқылы жүзеге асырылады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығына осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы хабарлайды.";

көрсетілген Қағидаларға 4-қосымшасында:

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Аумақтық департамент – өнеркәсіптік объектілердегі қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару кезінде. Аудандардың, облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары – әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі қауіпті техникалық құрылғыларды есепке қою және есептен шығару кезінде.
---	---------------------------------------	---


"

Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбенің 1-қосымшасы
Өнеркәсіптік қауіпсіздікті декларациялайтын заңды тұлғалар басшыларымен, сондай-ақ аталған заңды тұлғалардың тұрақты жұмыс істейтін емтихан комиссиялары мүшелерімен емтихан тапсыру қағидаларына 3-қосымша
Нысан

Мемлекеттік органның атауы		Наименование государственного органа
_____ қаласы		город _____

Мерзімі: [Берілген күні] жыл [Ұйымның атауы] Номері: [Құжаттың нөмірі] [Мекенжайы]

ДӘЛЕЛДІ БАС ТARTУ



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

[Мемлекеттік органның атауы], Сіздің [Мерзімі] жылғы № [Құжаттың кіріс нөмірі] өтінішіңізді қарап, мынаны хабарлайды: [Бас тартудың негіздемесі] [Қол қоюшының лауазымы] [қол қоюшының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)]]

Өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласындағы мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбенің
2-қосымшасы

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті
декларациялайтын заңды
тұлғалар басшыларымен,
сондай-ақ аталған заңды
тұлғалардың тұрақты жұмыс
істейтін емтихан комиссиялары
мүшелерімен емтихан тапсыру
қағидаларына 4-қосымша

Нысан

Мемлекеттік органның атауы		Наименование государственного органа
_____ қаласы		город _____

СЕРТИФИКАТ № _____

Заңды тұлғаның атауы


20__ жылғы " __ " _____

[Мемлекеттік органның атауы] Қазақстан Республикасының Заңдарымен және нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген өнеркәсіптік қауіпсіздік талаптарының көлемінде емтихан қабылдады:

р/с № №	Емтихан тапсырушының Т.А.Ә.	Лауазымы	Білімі	Нәтиже (тапсырды, тапсырмады, келген жоқ)
1				
2				
3				
4				

Қолданылу мерзімі 20__ жыл " __ " _____ дейін

Қол қоюшының лауазымы Т.А.Ә. (болған жағдайда)



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» равнозначен документу на бумажном носителе.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік
саласындағы мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтардың тізбенің
3-қосымшасы
Жарылыс жұмыстарын
жүргізуге рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

"Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетудің негізгі талаптарының тізбесі

1	Өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы уәкілетті орган
---	---

	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	ведомствосының аумақтық бөлімшесі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық түрде (ішінара автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру не болмаса "Жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) 3 және 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Жұмыс кестесі	1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, түскі үзіліспен. 2) портал - техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

электрондық құжат нысанындағы өтініш;

2) жарылыс жұмыстарын қауіпсіз орындау шарттарын, кесектердің ұшуы бойынша қауіпсіз қашықтықтарды, соққы ауа толқынының әсерін, жарылыс кезінде улы газдардың әсерін, сейсмикалық әсерді нақтылайтын есептеулері көрсетілген мәліметтері бар электрондық құжат;

3) жарылыс жұмыстарын жүргізу кезінде:

жер бетінде жарылыс жұмыстарын жүргізу орны, қауіпті аймақ шекарасы, қауіпті аймақты күзету бекеттерін және оның шегіндегі тұрғын және өндірістік ғимараттарды, құрылыстарды, темір жолдарды, автомобиль жолдарын, арналарды, құбырларды, электр беру желілерін қою орындары көрсетілген жергілікті жердің жоспары бар электрондық құжат ұсынылады;

жер асты жағдайларында жарылыс жұмыстарын жүргізу орны, қауіпті аймақ шекарасы, қауіпті аймақты қорғау бекеттерін қою орны көрсетілген тау-кен жұмыстарының жоспары, сондай-ақ шахтаның (кеніштің, геологиялық барлау жұмыстары объектісінің) газ бен шаң бойынша қауіптілігі туралы мәліметтер бар электрондық құжат ұсынылады.

Жарылғыш материалдарды пайдалана отырып сейсмикалық барлау жұмыстарын жүргізу кезінде жұмыс бейіндері мен қауіпті аймақты қорғау схемалары бар электрондық құжат ұсынылады.

1) Қағиданың 6-тармағында көрсетілген құжаттар толық түрде ұсынылмаған жағдайда;

2) өтініш беруші рұқсат алу үшін ұсынған құжаттардың және (

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған;
3) көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 343 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10244 болып тіркелген) Қауіпті өндірістік объектілер үшін өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларымен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты осы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімі (үкімі) болған.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:
1) қызмет көрсетушінің интернет-ресурсы;
2) www.egov.kz порталында.
Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефоны: 1414, 8-800-080-7777.
Егер негізгі қызмет түрі лицензиялауға жатпайтын болса, онда жарылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат алу үшін 3-тармақта көрсетілген лицензияның болуы жеткілікті.
1. Мұнай; газ; газ конденсаты және айдау ұңғымаларында атқылау-жару жұмыстары қызметінің кіші түрінің лицензиясына қосымша ұсыну - мұнай-химия өндірістерін жобалауға (технологиялық) және (немесе) пайдалануға, көмірсутектер саласындағы магистральдық газ құбырларын, мұнай құбырларын, мұнай өнімдері құбырларын пайдалануға

Мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар

арналған лицензия; жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және оған мына кіші қызмет түрлерін қосымша ұсыну:

1) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін сатып алу;

2) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау.

2. Пайдалы қазбаларды өндіру үшін жарылыс жұмыстарын жүргізу - қызметтің кіші түріне арналған лицензияға қоса берілген тау-кен және химия өндірістерін пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және қызметтің кіші түрлеріне арналған лицензияға қоса берілген жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия және оған мына кіші қызмет түрлерін қосымша ұсыну:

1) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін сатып алу;

2) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау.

3. Қызметтің кіші түрлеріне арналған лицензияға қоса беріле отырып, жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты

	қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды әзірлеу, өндіру, сатып алу, өткізу, сақтау жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия: 1) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды өздерінің өндірістік мұқтаждары үшін сатып алу; 2) жарылғыш және пиротехникалық (азаматтықты қоспағанда) заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдарды сақтау.
--	--